

## Қазақстан Республикасы Президентінің ЖАРЛЫҒЫ

Ғ.Т. Нұрмағамбетовті Солтүстік Қазақстан облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы  
Ғауез Торсанұлы Нұрмағамбетов Солтүстік Қазақстан облысының әкімі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасы Президенті Қ.Тоқаев.  
Астана, Ақорда, 2023 жылғы 23 қыркүйек № 358.



## ЖАҢА ӘКІМДІ ТАНЫСТЫРДЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Президент Әкімшілігінің Басшысы Олжас Бектенов Солтүстік Қазақстан облысының барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының жиналысына қатысты. Олжас Бектенов депутаттарға Солтүстік Қазақстан облысының әкімі лауазымына Сәтжан Әйтеңұлы Аблалиев пен Ғауез Торсанұлы Нұрмағамбетовтің кандидатураларын ұсыну туралы Қазақстан Республикасы Президентінің хатын оқып берді. Ашық дауыс берудің нәтижесінде 56 депутат Сәтжан Аблалиевке, ал 118 депутат Ғауез Нұрмағамбетовке дауыс берді. Жиналысқа барлығы 174 депутат қатысты.

Дауыс беру қорытындысы бойынша Президент Жарлығымен Ғауез Торсанұлы Нұрмағамбетов Солтүстік Қазақстан облысының әкімі болып тағайындалды. Өңір активіне жаңа әкімді таныстырған Олжас Бектенов Ғауез Нұрмағамбетовтің орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда жауапты қызметтер атқарғанын және мол тәжірибесі бар екенін атап өтті. Президент Әкімшілігінің Басшысы өңірді дамытуға қосқан үлесі үшін бұрынғы

облыс әкімі Айдарбек Сапаровқа алғыс айтты және оның басшылығымен аймақтағы агроөнеркәсіп кешенінің даму қарқыны артқанын, жаңа кәсіпорындар ашу, инвестиция тарту, туризм саласын ілгерілету бағытында ауқымды жұмыстар атқарылғанын жеткізді. Сонымен қатар Мемлекет басшысының биылғы 1 қыркүйектегі халыққа Жолдауында айтылған тапсырмаларына ерекше назар аударылды. Облыстың жаңа басшылығына өңір экономикасын одан әрі дамыту, тұрғындарды сапалы ауызсумен және қажетті әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету, медицинаны дамыту, сондай-ақ екінші ЖЭО-ны жөндеу жұмыстарына қатысты бірқатар міндет жүктелді. Кездесу соңында Олжас Бектенов Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ғауез Нұрмағамбетовтің жауапты қызметіне табыс тіледі, сондай-ақ ол өңірді өркендетуге, дамытуға өз үлесін қосады, облыс тұрғындары мен Мемлекет басшысының жоғары сенімін ақтайды деп үміттенетінін айтты.

“Ақорда”.

## ТАҒАЙЫНДАУ

### Ғауез Нұрмағамбетов – облыс әкімі



Мемлекет басшысының Жарлығымен Ғауез Торсанұлы Нұрмағамбетов Солтүстік Қазақстан облысының әкімі лауазымына тағайындалды.

Ғауез Нұрмағамбетов 1968 жылы Қостанай облысындағы Қарасу ауданының Майский ауылында дүниеге келген. 1992 жылы Целиноград ауыл шаруашылығы институтын «ғалым агроном», 2002 жылы Челябин мемлекеттік университетін «заңгер», 2008 жылы Қостанай инженерлік-экономикалық университетін «экономика бакалавры» мамандығы бойынша тамамдаған. Экономика ғылымдарының кандидаты. Ғауез Торсанұлы өзінің еңбек жолын 1985 жылы Қостанай облысындағы Комсомол ауданына қарасты «Магнайский» кеңшарының № 1 бригадасының механизаторы болып бастады. 1992-1994 жылдары Торғай облысы Октябрьский ауданы Вильямс атындағы кеңшардың бас агрономы болды. 1994-1996 жылдары Қостанай облысының Қостанай ауданындағы “Московский” кеңшарының бас агрономы, 1996-1997 жылдары Комсомольский ауданындағы «Боскольское» серіктестігінің директоры болып еңбек етті. 1997-2008 жылдары Қостанай облысы Таран және Қарабалық аудандарының, 2008-2009 жылдары Қостанай қаласының әкімі болды. 2009 жылдан 2011 жылға дейін Қостанай қаласындағы “Содружество” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бас директорының орынбасары, 2011-2012 жылдары Қостанай облысы Әулікөл ауданының әкімі, 2012 жылдан 2014 жылға дейін Қостанай қаласының әкімі лауазымын атқарды. 2014 жылдан 2015 жылға дейін Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік бақылау және ұйымдастыру-аумақтық жұмыс бөлімінің мемлекеттік инспекторы, 2015 жылдан 2023 жылға дейін Қостанай облысы әкімінің бірінші орынбасары болды. 2023 жылдың 25 қаңтарында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты болып сайланды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.

## РИЗАБЕК АЙТМҰХАН ЕЛ ТАРИХЫНДА ТҰҢҒЫШ РЕТ еркін күрестен ел қоржынына алтын жүлде салды

Сербияның астанасы Белград қаласында өтіп жатқан әлем чемпионатында жерлесіміз Ризабек Айтмұхан ел тарихында тұңғыш рет еркін күрестен ел қоржынына алтын жүлде салды. Балуанды тарихи жеңісімен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев құттықтады.

«Еркін күрес шебері Ризабек Айтмұханды Белградта өткен күрес түрлерінен әлем чемпионатында алтын медаль иеленуімен құттықтаймын! Ол қазақ балуандары арасында тұңғыш рет әлем чемпионы атанды. Бұл – тарихи жетістік. Ризабек Айтмұханның жарқын жеңісі жас буынның спортқа құлшынысын арттырады деп сенемін», – делінген Президенттің құттықтауында. Ризабек Қазақстан чемпионатының үш дүркін жеңімпазы, жастар арасындағы Әлем чемпионатының және ересектер арасындағы Азия чемпионатының күміс жүлдегері. Белградта отандасымыз алғашқы айналдырғыш рет еркін күрестен жеңіп, кейін Еуропаның екі дүркін чемпионы, түркиялық Фейзоллах Актюркті қапы қалдырды. Жартылай финалда өткен жылғы әлем және құрлық чемпионаттарының қола жүлдегері грузиялық Мириан Майсұрадзени ұтты. Финалда әлем чемпионатының екі және Еуропа чемпионатының үш дүркін жүлдегері эзірбайжандық Осман Нурмагомедовпен белдесті. Ақтықты сында азулы қарсыласын 5:2 есебімен жеңді. Осылайша Қазақстанның еркін күрес тарихындағы тұңғыш әлем чемпионы атанды. – Жаттығу залында төккен тер зая кетпеді. Әкем Қанат Жолдасбайға, бапкерлеріме алғыс айтқым келеді. Олар

маған сенім артты. Үміттерің ақтағанымға қуаныштымын. Чемпион атанғанымға әлі де сенер емеспін. Бұл 92 келі салмақтағы соңғы жарыстарымның бірі екенін айтқым келеді. Келесі жарыстан бастап мен олимпиадалық бағдарламаға кіретін 97 келіге ауысамын. Ендігі мақсатым – Олимпиадаға бару, – дейді Ризабек Айтмұхан. Ел спортының тарихына шолу жасасақ, еркін күрестен отандық балуандар дүниежүзілік біріншіліктің финалына алғаш рет 1995 жылы шыққан екен. АҚШ-та өткен әлем чемпионатының ақтық сынында 82 килограммда күрескен Эльмади Жабраилов америкалық Кевин Джонсонға 0:1 есебімен есе жіберген. 2016 жылы Венгрияда өткен жарыста 70 килограммда белдескен Нұрлан Бекжанов финалдық айкаста ресейлік Магомед Курбаналиевтен ұтылып қалған. 2018 жылы Мажарстанның Будапешт қаласында ұйымдастырылған әлем чемпионатында 57 килограммда сынға түскен Нұрислам Санаев алтын медаль үшін белдесуде ресейлік Заур Угевке жол берді. Елордамыз Астанада 2019 жылы өткен байрақты додада екі бірдей балуанымыз финалға шықты. 65 килограммда Дәулет Ниязбеков Ресей балуаны Гаджимурад Рашидовтан жеңілсе, 70 килограммда күрескен солтүстікқазақстандық Нұрқожа Қайпанов ресейлік Давид Баевқа жол берді. Сол кеткен есені Ризабек Айтмұхан қайтарып отыр. Ризабекке елі риза!

Аманжол НҰРТАЗИН,  
«Солтүстік Қазақстан».

## ҚҰРМЕТТІ

### СОЛТҮСТІКҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР!

Қарт адамдар мен мүгедектігі бар адамдарға қолдау көрсету айлығы қарсаңында Сіздерден облыс тұрғындарының аға буын өкілдері мен мүгедектігі бар адамдарға қолдау көрсету жөніндегі қайырымдылық науқандарына қатысу сияқты қалыптасқан игі дәстүрді қолдауды, бүкіл өмірін еліміздің болашағына арнаған адамдарға құрмет көрсетуді сұраймыз.

Қарттарға, егде адамдарға қамқорлық жасау туралы еш уақытта ойымыздан шығармау керек. Қарттар күнінде оларға барынша көңіл бөліп, қамқорлық жасау керек. 1 қазан мен 1 қараша аралығында барлық солтүстікқазақстандықтарды қарттар мен мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау айлығын қолдауға шақырамыз. Сіздерге алдын ала алғыс айта отырып, қарттарды қолдау жөніндегі науқанға белсенді түрде ат салысады деп үміттенеміз.

Айлық нәтижесі Сіздің азаматтық ұстанымыңызға байланысты болмақ! “Ақылды қария – ағып жатқан да-рия” дейді дана халқымыз. Қай заманда болмасын, аға буын салиқалы өмір жолымен, игілікті істерімен кейінгі толқыға үлгі-өнеге бола білді. Олар әр салада белсенділік танытып, ел басына күн туған шақ-та халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтай алатын алып күшке айналды.

Самайын ақ шалған ардақтыларымыз әлі де сол қалпынан еш тайынған жоқ. Еліміз қиын-қыстау шақты бастан өткеріп жатқан шақта өздерінен кейінгілерге ақыл-өсиетін айтып, болашаққа жол нұсқауда, айналасын игі іске жұмылдыруда да белсенді. Қарттарымыз қамқорлықсыз қалмасын!

Ұйымдастыру комитеті



## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ КІРУДІҢ БАСЫМ ШАРТТАРЫ

Мемлекет басшысының мемлекеттік қызмет саласын жетілдіру жөніндегі тапсырмаларын іске асыру үшін уәкілетті мемлекеттік орган қолданыстағы заңнамаға бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізді.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мемлекеттік дамуына белгілі бір үлес қосуға қабілетті жас мамандарды мемлекеттік аппаратқа тартуға және басым жағдайлар жасауға ерекше назар аударады.

Сөйтіп, «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңы 15-бабының 5 және 6-тармақтарына сәйкес, Агенттік Төрағасының 2023 жылғы 11 ақпандағы № 38 бұйрығымен жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырыс шеңберінде білім беру ұйымдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында оқуды аяқтаған адамдарға конкурс өткізілместен «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасу мүмкіндігін беретін оқу нәтижелерінің мәндері белгіленген.

Осы бұйрыққа сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының түлектері, сондай-ақ грант бойынша оқыған жоғары оқу орындарының түлектері мәні 3,33-тен төмен емес нәтижелер болған кезде оқу орнын бітіргеннен кейін бір жыл ішінде уәкілетті органмен немесе оның аумақтық бөлімшесімен келісім бойынша конкурстан өтпей мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналаса алады.

Мәселен, Академия түлектері жергілікті атқарушы органдарда, мәслихаттар аппараттарында, тексеру комиссияларында, орталық мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволарының аумақтық бөлімшелерінде, астанадағы және оның аудандарындағы осындай мемлекеттік органдарды қоспағанда, тағайындалуы мүмкін.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында облысымыздың 8 маманы білім алуда, олар болашақта жоғарыда аталған лауазымдарды конкурстан тыс негізде атқара алады. Мемлекеттік органдарда әр түрлі лауазымдарда Академияның 19 түлегі жұмыс істейді.

Грант бойынша оқыған және нәтижесі 3,33-тен төмен емес жоғары оқу орындарының түлектері конкурстан өтпей облыс аудандарында әкімдер мен мәслихаттар аппараттарының төменгі лауазымдарына, әкімдіктердің атқарушы органдарында (бөлімдерінде) және ауылдық округтер әкімдері аппараттарында басшылық етпейтін лауазымдарға тағайындалуы мүмкін.

Сонымен қатар, олар аумақтық мемлекеттік органдардың (департаменттер, инспекциялар) аудандық бөлімшелерінде де басшы лауазымдарға конкурстан тыс негізде орналаса алады.

Быылғы жылы Солтүстік Қазақстан университетін бітіргеннен кейін Жамбыл және Мағжан Жұмабаев аудандарында лауазымдарға орналасу үшін 3 жас маман осындай құқықты пайдаланды.

Мемлекеттік қызметшілердің кадр құрамының әлеуетін арттыру мақсатында Агенттік Төрағасының 2023 жылғы 15 маусымдағы №255 бұйрығымен облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың өңірлік кадр резервін қалыптастыру және тағайындау қағидалары бекітілді.

Шарттарға сәйкес, өңірлік резервке іріктеуде жоғары білімі және кемінде үш жыл еңбек өтілі бар 35 жастан аспаған Қазақстан Республикасының азаматтары қабылдануы мүмкін.

Өңірлік кадр резервіне іріктеуді облыстың, республикалық маңызы бар қаланың кадр комиссиясы жүзеге асыратын болады.

Сонымен қатар, іріктеу жыл сайынғы негізде жүзеге асырылатын Президенттік жастар кадрлық резервіне қабылдау қорытындысы бойынша саяси лауазымдарға, «А» және «Б» корпусының басшылық лауазымдарына конкурстан тыс тағайындау мүмкіндігін атап өту қажет.

Осылайша, мемлекет мемлекеттік қызметке жастардың түсуі үшін басым жағдайларды қарастырған. Мемлекеттік қызмет көрсету – бұл еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізі! Қазіргі таңда заман талабына сай аталмыш жүйені жетілдіру қажеттілігі туып отыр. Мемлекеттік кадр саясатын қалыптастыру, халықтың мемлекеттік қызмет түрлеріне қолжетімділігін арттыру бағытында игі бастамалар жүзеге асырылуда.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасы - мемлекеттік органдардың жұмысын бағалаудың басты өлшемі болып табылады. Мемлекеттік қызмет көрсету барлық саланы, соның ішінде азамат дүниеге келген кезден бастап барлық өмір сүру кезеңінде мемлекеттік қызмет көрсету бойынша мемлекетпен тығыз байланыста болатындығы белгілі.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде халықтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сақтауды қамтамасыз ету белгілерінің бірі болып әкімшілік кедергілерді азайту, халыққа мемлекеттік қызметтерді көрсету тиімділігін арттыру және мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсету болып табылады. Қазіргі қоғамда мемлекеттік қызметтің қоғам өмірінде үлкен орын алады. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет сапасының деңгейі еліміздің экономикалық және әлеуметтік көрсеткіші болып табылады. Осыған байланысты, көптеген шет мемлекеттер мемлекеттік қызмет көрсету сапасының жоғары болуына және осы саланың дамуына үлкен мән береді. Мемлекеттік басқарудың кәсіби қалыптасуы қазақстандық қоғамның прогрессивті дамуының кепілі болып табылады.

**Гүлнар СӘРСЕМБАЕВА,**  
**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің бас маманы.**

## ЖАС МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР МЕКТЕБІ

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің СҚО бойынша департаментінің жанында 2018 жылдан бастап жас мемлекеттік қызметшілер мектебі жұмыс істейді. Осы уақыт ішінде оның түлектері М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің жүзден астам студенті болды.

Мектеп қызметінің мақсаты - мемлекеттік қызметке белсенді және талантты жастарды тарту болып табылады.

Быылғы жылы осы мектепте оқуға түсу және оқу шарттары өзгерді. Қатысушыларды тіркеу жыл сайын қазан айында жүргізіледі. Тіркеу аяқталғаннан кейін қатысушылар департамент белгілеген 500 сөзден аспайтын тақырыптардың біріне эссе жазады. Эссені кадрлық қажеттіліктерді қалыптастырған мемлекеттік органдар бағалайды. Ең жоғары балл жинаған қатысушылар келесі кезеңге өтеді.

Мектепке түсу кезінде қатысушылар өндірістік практикадан өту үшін, сондай-ақ мемлекеттік органдардың жобалау жұмыстарына қатысу үшін өздерінің болашақ мамандығына сүйені отырып, оқу бағытын және мемлекеттік органды таңдауы тиіс, соңында мемлекеттік органның басшысы ұсыныммен бірге қатысушы туралы пікір береді. Өндірістік практика басталғанға дейін қатысушылар ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында және оның филиалдарында дайындық бағдарламасынан өтеді. Дайындық бағдарламасы Мемлекеттік қызметке кіру үшін қажетті құзыреттерді арттыру курстарын қамтиды. Осы курстарда қатысушылар мемлекеттік органдарда өндірістік практика кезінде таныстыратын жобаларды әзірлейді. Дайындық бағдарламасы сәтті аяқталғаннан кейін Академияда қатысушылар үшін мемлекеттік органдарда өндірістік практика ұйымдастырылады. Өндірістік практикадан өткеннен кейін білім алушылар мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада көзделген тәртіппен және шарттарда жеке қасиеттерін тестілеуден және бағалаудан өтуі тиіс. Тестілеуден сәтті өткеннен кейін қатысушыларға оқуды аяқтағаны және таланттар пулына

қабылданғаны туралы сертификат беріледі.

Таланттар пулы дегеніміз не? Бұл мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері жанынан құрылған Жас мемлекеттік қызметшілер мектебін сәтті бітірген адамдардың тізімі. Таланттар пулында болу мерзімі сертификат алған сәттен бастап 1 жылды құрайды.

Қатысушылардың Мемлекеттік қызметке таланттар пулына түсу тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасында айқындалады.

Таланттар пулына қабылданған адамдарды жұмысқа орналастыру мониторингін Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті жүргізеді.

Бүгінгі таңда жас мемлекеттік қызметшілер мектебіне түсу мен оқудың осындай шарттары бар. Мектепке жоғары оқу орындары және техникалық кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері қатыса алады.

Мемлекеттік қызмет мектебі болашақта лауазымдық өкілеттіктерін орындау кезінде білімді толықтырудың және өз құқықтарын іске асырудың қосымша көзі болады. М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің және облыс колледждерінің бітіруші курс студенттерін мектепте оқуға және қосымша білім алуға шақырамыз, бұл болашақта еңбек қызметін жүзеге асыру кезінде өте маңызды.

**Жас мемлекеттік қызметшілер мектебіне және мемлекеттік қызметке түсу мәселелері бойынша 8(7152)46-58-08 телефоны бойынша хабарласуға болады. Біз Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 38, 4 кабинет.**

**Гүлнар ЖУСАЛИНА,**  
**Мемлекеттік қызмет істері агенттігі СҚО бойынша департаменті Мемлекеттік қызметі басқармасының басшысы.**

## ӨЗЕКТІ САУАЛДАРҒА ЖАУАП

*1. Ағымдағы жылдың тамыз айында еңбек сіңірген жылдарым бойынша зейнетке шықтым. Менің зейнетақы жинақтарымды толық көлемде алуға мүмкіндігім бар екенін естідім. Рас па? Олай болса, мұны қалай іске асыруға болады және мен оларды қалай пайдалана аламын?*

Иә, шынымен де солай. 2023 жылғы 1 шілдеден бастап зейнетке еңбек сіңірген жылдары бойынша шыққан отандастырмыз міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын пайдалануға құқылы және оларды тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және/немесе емделуге толық көлемде ала алады. Бірақ пайдалануға өтінім бермес бұрын БЖЗҚ-да жинақтардың бар-жоғын және алуға болатын сомасын нақтылау қажет. Одан кейін сіз уәкілетті операторларға хабарласуыңыз керек. Тұрғын үйге зейнетақы жинақтарын тұрғын үйге пайдалану бойынша уәкілетті операторлар – "Отбасы банкі" "тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ (портал [www.enprf-otbasu.kz](http://www.enprf-otbasu.kz)), "Қазақстан Халық банкі" АҚ, "Алтын Банк" АҚ, "Банк ЦентрКредит" АҚ және "Банк Фридом Финанс Қазақстан" АҚ. Ал емделу бойынша тек "Отбасы банкі" уәкілетті оператор болып табылады.

*2. Жұбайым екеуміз зейнетақы жинағымызды инвестициялық компанияға аударғымыз келеді. Біз қанша соманы, қалай пайдалана аламыз? Депозиттердің сақталуына кепілдік бар ма?*

Жинақтарды бір немесе бірнеше инвестициялық портфельді басқарушыға (ИПБ) аудару туралы шешім қабылдай отырып, салымшы Қордың [www.enprf.kz](http://www.enprf.kz) сайтындағы Жеке кабинет арқылы немесе кез келген бөлімшеге жеке жүгінген кезде беруге болатын өтінішпен БЖЗҚ-ға жүгінугі қажет. Барлық қажетті ақпарат пен қадамдық нұсқаулықты сайттағы қызметтер – зейнетақы жинақтарының бір бөлігін сенімгерлік басқаруға аудару бөлімінен, сондай-ақ, YouTube-арнасындағы біздің бейне-нұсқаулықтан көруге болады.

Әлеуметтік Кодекс 2023 жылғы 1 шілдеде күшіне енген кезден бастап, зейнетақы жинақтарын инвестициялық портфельді басқаратын компанияларға сенімгерлік басқаруға беру кезінде ең төменгі жеткіліктілік шегі ескерілмейтін болды. Салымшылар міндетті зейнетақы және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған жинақтардың 50% дейін аудару алады. Егер ерікті зейнетақы жинақтары болса, оларды толық көлемде беруге болады.

Қазіргі уақытта нарықта инвестициялық портфельдің бес менеджері жұмыс істейді. Олардың толық тізімімен [www.enprf.kz](http://www.enprf.kz) сайтында танысуға болады. Бұл реттеуші – Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің талаптарына сәйкес келетін компаниялар. Сондай-ақ, бұл компаниялар БЖЗҚ-мен және кастоидиан банкпен сенімгерлік басқару туралы шарт жасасты. Басқарушы компанияны таңдағанда, оның тарихын, сондай-ақ, инвестициялық декларациясын, инвестициялық қызметке шолу, инвестициялау тәжірибесі мен нәтижелерін мұқият зерделеуге кеңес береміз.

Зейнетақы жинақтарының сақталуына мемлекеттік кепілдік Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқаруындағы жинақтар бойынша ғана беріледі. Зейнетақы жинақтарын ИПБ басқаруына аудару кезінде мемлекеттік кепілдігі басқарушы компанияның кепілдігімен ауыстырылады. Ол активтер кірістілігінің ең төменгі деңгейінен төмен емес кірісті қамтамасыз етуі керек. Бұл деңгей зейнетақы активтерін басқару нарығында жұмыс істейтін барлық ИПБ-ларға басқаруға берілген зейнетақы активтерінің орташа алынған кірістілігі негізінде есептеледі.

*3. Соңғы өзгерістерге сәйкес, БЖЗҚ зейнетақы активтерінен комиссиялық сыйақы мөлшерін азайтты. Бұл нені білдіреді?*

2023 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енген Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің бағыттарының бірі – зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін одан әрі жетілдіру. Осыған байланысты бірқатар жаңалықтарды іске асыру көзделген. Өзгерістер БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерінен комиссиялық сыйақысының шамасына да қатысты. Ол 01.07.2023 жылдан бастап айына 0,01-ден 0,008 пайызға дейін төмендеді. Бұл ретте ол республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1

қаңтарында қолданыста болған 0,04 еселенген айлық есептік көрсеткіштің туындысы ретінде айқындалатын шамадан және тиісті күнтізбелік айдың 1-ші күніндегі жағдай бойынша БЖЗҚ-да ашылған міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша зейнетақы жинақтары бар салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының санынан аспауға тиіс. Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ комиссиялық сыйақысы бұрын 2021 жылы қайта қаралған болатын. Осы кезден бастап БЖЗҚ комиссиясы зейнетақы активтерінің 0,01% аспады. Сонымен қатар, 2021 жылдан бастап БЖЗҚ инвестициялық кірістен комиссиялық сыйақы алмайды. Оны тек зейнетақы активтерін басқарушылар ғана алады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (ҚРҰБ, инвестициялық табыстың 2% аспайды) және инвестициялық портфельді басқарушылар (инвестициялық табыстың 7,5% аспайды). Бұл ретте 2023 жылы инвестициялық табыстан ҚРҰБ комиссиялық сыйақысының шамасы 1,5%, ал 2022 жылы 1,8% болды.

*4. Жерлеуге берілетін төлем сомасы көбейді деп естіген ем... Қазіргі сәтте оның мөлшері қандай екенін білуге бола ма?*

Иә, 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қабылданған Әлеуметтік кодекске сәйкес, БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, оның отбасы мүшелеріне республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген 94 еселенген айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшері шегінде қайтыс болған адамның зейнетақы жинақтары қаражаты есебінен жерлеуге біржолғы төлем жүргізіледі. Бірақ бұл сома қайтыс болған адамның жеке зейнетақы шотында (ЖЗШ) бар қаражаттан артық болмауы тиіс.

Егер қайтыс болған адамның ЖЗШ-дағы зейнетақы жинақтарының қалдығы жерлеуге арналған біржолғы төлем жүзеге асырылғаннан кейін АЕК мөлшерінен аспайтын соманы құраса, бұл қалдық қайтыс болған адамның отбасы мүшелеріне жерлеуге арналған төлем ретінде төленеді. Естеріңізге сала кетейік, бұрын жерлеуге арналған біржолғы төлемге өтінішті жерлеуді жүзеге асырған адамдар да бере алатын, ал төлем 52,4 еселенген АЕК-ке тең сома болатын.

БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, жинақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады. БЖЗҚ-ның жерлеуге, мұрагерлерге берілетін төлемді жүзеге асыру тәртібі, мерзімдері және қажетті құжаттар тізбесі туралы БЖЗҚ сайтынан толық біле аласыз.

*5. Менің әпкеме мүгедектік тағайындалған. Ол зейнет жасына толғанға дейін зейнетақы төлемдерін алуға құқылы ма?*

БЖЗҚ өз салымшыларына (алушыларына): міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және мерзімсіз белгіленген бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі, ерікті зейнетақы жарналары және тобы мен мерзіміне қарамастан мүгедектігі бар адамдар БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтары есебінен белгіленген кесте бойынша жалпы бірдей белгіленген зейнет жасына толғанға дейін зейнетақы төлемдерін алуға құқылы екені туралы хабарлайды.

Салымшыға (алушыға) өзінің мәртебесін растайтын құжаттарды көрсетудің қажеті жоқ. БЖЗҚ салымшының (алушының) Қазақстан Республикасының "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Заңына сәйкес берілетін келісімімен Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Мүгедектігі бар адамдардың орталықтандырылған деректер банкі" ақпараттық жүйесінен мәліметтерді веб-сервис арқылы сұрау жолымен мүгедектіктің (тобы, белгіленген мерзімі) болуын дербес тексереді. Бұл әрекет Еңбек министрлігі, Мемлекеттік корпорация және БЖЗҚ арасында жасалған келісім шеңберінде "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" арқылы жүзеге асырылады.

Зейнетақы жинақтары төлеміне өтінішті БЖЗҚ-ға [enprf.kz](http://enprf.kz) сайты, кеңсеге жеке жүгіну немесе сенім білдірген тұлға, сондай-ақ, пошта арқылы беруге болады.

**Өтінішті [enprf.kz](http://enprf.kz) сайты арқылы беру туралы толық нұсқаулықты осы жерден көруге болады.**





**Құрметті оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері, кәсіптік-техникалық білім беру жүйесінің студенттері!**

Баршамыз үшін маңызды, адам қызметінің барлық салалары үшін білікті кадрларды даярлаудың маңыздылығын еске салатын-кәсіби-техникалық білім күні құтты болсын! Баршамызға еңбек жолында жаңа жетістіктерге жетуге, шын жүректен даналық пен қуаныш, сәттілік, мейірімділік, шыдамдылық, денсаулық пен амандық тілейміз! Кәсіптік білім беру- заман талабы. Өмір жолын жаңа бастаған жастардың белгілі бір мамандық иесі атануы үшін игілікті іс атқарып жүрген ұстаздар қауымы, сіздерге шығармашылық табыс, алға қойған мақсаттарыңыз орындала берсін!

**Ізгі тілекпен: агробизнес колледжінің директоры: Д.Е.Ташетов. Кәсіподақ комитетінің төрайымы: Г.Х. Асрандина.**

**ҚҰРМЕТТІ АҒА БУЫН ӨКІЛДЕРІ!**

Сіздерді Халықаралық қарттар күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздерге қамқор балалар мен немерелер қоршап тұрған жыл баурайында толыққанды, бақытты өмір тілегіміз келеді. Сіздердің даналығыңыз, баға жетпес өмірлік тәжірибелеріңіз жастарға бейбітшілік пен келісімде өмір сүруге, қазіргі қоғамдағы прогрессивті қатынастарды құру кезінде жауапкершілік пен адамгершілік сезімдерін тәрбиелеуге көмектеседі. Қажырлы еңбектеріңіз үшін Мың алғыс!

**Ізгі тілекпен: агробизнес колледжінің директоры: Д.Е.Ташетов. Кәсіподақ комитетінің төрайымы: Г.Х. Асрандина.**

**ҰСТАЗ – ҰЛЫ ЕСІМ!**

Ұстаздық барлық мамандықтың ұлы бастамасы. Қандай маман болмасын ең алдымен ұстаздан білім алады. «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан болады» деп қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаев айтқандай, қай заманда болмасын ұстазды ерекше құрметтеген.

Құрметті ұстаздар! Сіздерді бүгінгі жарқын да қуанышты, айтулы мереке – Мұғалімдер күнімен құттықтаймыз! «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылдау қажет екенін тілге тиек етіп, мұғалімдер мен мектепке дейінгі мекемелер қызметкерлері үшін барлық игілікті қарастыру керектігі қоғамда ашық айтылып жүр. Ұстаз – келер күннің ұстасы. Ұрпағымыздың ертең қандай адам болып өсетіні – мұғалімдердің бүгінгі еңбегінің жемісі болмақ. Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұовтың «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана, шәкірт жанына нұр құя алады», – деген сөзі ізденімпаз, жаңаша ұстаздарға арналғандай. Мұны әрбір мұғалім жадында сақтауы тиіс. Тәуелсіз қазақ елінің дамуына қосып келе жатқан еңбектеріңіз үшін, баршаңызға шексіз алғысымызды білдіреміз! Отбастарыңызға амандық, сіздерге мықты денсаулық, қызығы мен қиындығы мол еңбек жолында шығармашылық табыстар тілейміз!

**Гүлнар ИГБАЕВА, аудандық білім бөлімінің басшысы. Айнұр БЕЙСЕНБАЕВА, Білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымының төрайымы.**

**ҚҰРМЕТТІ АҒА ҰРПАҚ - АРДАГЕРЛЕР!**

Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағытбағдар беруде ұстаздың еңбегі зор екенін сіздер өз өмір жолдарыңызда дәлелдедіңіздер.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», – демекші, ұстаздық мәртебелі мамандық десек жалған айтпаған боламыз. Себебі хан да, қарапайым адам да мұғалім мектебінен өтіп, өмірге жолдама алады. Сол еңбек жолдарыңызда шынымен де қаншама адамға білім, тәрбие бердіңіздер, қаншама ел азаматтарына өмірлік жолдама беріп, қиындықтарға төзе білуге баулыдыңыздар. Баршаңызды төл мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Сырттай қарапайым болғанымен, тарихтағы ұлы істі атқарғандарыңыз үшін, сіздерге мың алғыс! Мәртебелеріңіз асқақтап, абыройларыңыз арта берсін! Отбасыларыңызға амандық, толағай табыс, зор денсаулық тілейміз!

**Гүлнар ИГБАЕВА, аудандық білім бөлімінің басшысы. Айнұр БЕЙСЕНБАЕВА, Білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымының төрайымы.**

**ҚҰРМЕТТІ АРДАГЕРЛЕР!**

Тайынша аудандық ардагерлер кеңесі Ұлы Отан соғысы және тыл ардагерлерін, ардагер ұстаздар мен зейнеткерлерді – 1 қазан Ардагерлер күнімен құттықтаймыз! Ардагерлер ұйымы тарихи-мәдени құндылықтарды, ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттау барысында ауқымды жұмыстар атқаруда. Ұлы Отан соғысындағы жеңістің жыл сайынғы мерейлі мерекесі кезінде соғыс және тыл ардагерлері жеңіс мерекесін бірлесе атқаруды дәстүрге айналдырған. Ардагерлер жас ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелеу, азаматтық қоғамның артықшылықтарына дәріптеу, ауданның қоғамдық-саяси өміріне араласу сияқты істерде нақты көрініс тауып келеді. Құрметті ардагерлер, Зейнеткерлер! Сіздерді қазан айындағы ерекше жақсы көретін мерекелеріңізбен құттықтаймын! Сіздерге мықты денсаулық пен өмірлеріңізге сәттілік тілеймін. «Ардагерлер – қоғамның алтын қоры», – деп білеміз! Мерекелеріңіз құтты болсын!

**Анатолий РАФАЛЬСКИЙ, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.**

**ЕҢБЕК АДАМЫ – БІЛІКТІ ҰСТАЗ**

«Ұстазды алтын діңгекке балар едім» – деп, ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің айтқанындай, ұстаздық – тарихтағы ең ұлы істің бірі. Шындығында, мұғалімнің атқарған қызметі сырттай қарапайым болғанымен, ұлағатты ұстаз мәртебесі кез келгеннің маңдайына бұйыра бермейтін бақ.

Ұстаз – ол білім беру жүйесінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан ерекше ой толғайтын жан, білім берудің барлық сатыларынан өткен, тәжірибелі мұғалім, әдіскер, оқытушы, білікті басшы, барлық саналы ғұмырын халыққа білім беру саласына арнаған адал азамат. Сондай ұлағатты ұстаздарымыздың бірі – Қожебекова Гульжамия Қатранқызы. Бүгінгі таңда ұстаздың еңбек өтілі – 36 жыл, жоғары санатты математика және физика пәнінің мұғалімі.

Сонау 1982 жылы Шоқан Уалиханов атындағы Көкшетау педагогикалық институтының «Математика және физика» мамандығы бойынша білім алып, сол жылы еңбек жолын бастап кетті. Екі жыл еңбек атқарған алғашқы жұмыс орны ауданымыздың Теңдік орта мектебі болатын. Ал, 1989 жылдан өзінің туған жері Киров орта мектебінде еңбек жолын жалғастырады. Туған елінде өмір сүріп, ұстаздықты өзіне өмірлік серік етті. Ұстазым, менің ұстазым, өзіңмен өткен қыс-жазым....деп ақын жүрек жырлағандай ұстаз - шәкірті үшін биік тұлға. Ұстаз жолын қуып, бүгінгі таңда әріптес болып жүрген шәкірттері де бар. Олар: мектеп түлектері – Н.В. Олифер және Д.Р. Мухутдинова Киров орта мектебінде еңбек етсе, Е.И. Соболевская – Петропавл қаласында тәрбиеші-ұстаз, ал Т.П. Аракелова Омбы қаласында тәрбиеші-ұстаз.

Математика пәні - басқа пәндерге қарағанда өзінің қиындығы мен қызығы мол пән. Математика пәнінен сабақ беру өз пәнін жете түсіне отырып, берілген тапсырмалардың шешімдерін оқушылармен бірлесе отырып табу, талдау - мұғалімді де, оқушыны да шығармашылықпен жұмыс істеуге жетелейді. Математика пәнін оқушыларға оқытып, меңгерту арқылы олардың бойында өмірге деген дұрыс ұтымды көзқарас, жақсы әлеуметтік жағдай қалыптастыруға, әртүрлі қаржылық талдаулар жасай білуге және де математикадан алған білімдері арқылы тәуелсіз еліміздің экономикасын көтеріп, өркендетуге болады. Математика пәнінің мұғалімі болып жұмыс атқару арқылы осылардың бәріне қол жеткізуге болады. Біздің бүгінгі кейіпкеріміз – математика пәнінің мұғалімі. Шығыс ойшылы Жүсіп Баласағұн: «Адамның мәңгілік есте қалуы



- оның ары мен елі үшін еткен еңбегінде», - деуінің өзі бекер емес, өйткені ұстаздықтың ұлы жолын таңдаған әр адамның бойында үздіксіз ізденіс пен тынымсыз еңбек ету қасиеттері болуы шарт. Осындай жақсы қасиеттері бір өзіне жетерлік Гульжамия Қатранқызы білім беру саласында табанды еңбек етіп, өз шәкірттерін білім нәрімен сусындатқан, жоғары көрсеткішке жеткен ұлағатты ұстаз, абыройлы әріптес, жастарға үлгілі парасатты педагог. Еңбек жолында алған мақтау, марапат, алғыс хаттары көп болмаса да, ол ешқашан бар білгенін шәкіртінің бойына дарыта білуден тартынбады, ерекше ерінбей еңбек етті. Жалпы адамның адамшылығы марапат қағазымен ғана өлшенбек емес, адамды одан да биік етіп, қосымша көрік беріп тұратын – адами қасиеттері, ел алдында атқарған игілікті істері болмақ.

Ендеше, бұдан шығар қорытынды ұстаз бойындағы көп жылдар бойғы ерен еңбек, кәсіби шеберлік пен қызметтік қабілет көпке үлгі. Г.Қ. Қожебекова бүгінгі таңда зейнет жасына жетсе де туған елінің білім ошағында ұстаздық еңбегін жалғастыруда. Біздің де ұстазға айтарымыз: Осы абыройлы қалпыңызда әлі талай белесті бағындырып, шығармашылық шабыттарыңызбен шәкірттеріңіздің құрметіне бөлене беріңіз. Сіз - нағыз еңбек адамысыз!



2023 жылғы қазанда аудандық мәслихаттың төрағасымен, облыстық және аудандық мәслихаттың депутаттарымен азаматтарды қабылдау

КЕСТЕСІ

№ р/с	Қабылдауды жүргізген тұлғаның тегі, аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны	Қабылдау күні мен орны
1	Ерлан Сапарбекұлы Алпысов, облыстық мәслихаттың депутаты, «Зерновой консорциум Казахстана» ЖШС мал шаруашылығы саласының кеңесшісі	4 қазан «AMANAT» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы, Тайынша қ.
2	Төрехан Ермаханұлы Алмасбаев, аудандық мәслихаттың депутаты, «Тюолайн» ЖШС директорының орынбасары	6 қазан Келлер а/о әкімдігі
3	Бауыржан Тасмағанбетов, аудандық мәслихаттың депутаты, «Агрофирма Эксимнан» ЖШС-нің директоры	9 қазан Абай а/о әкімдігі
4	Алмас Жолдасұлы Нұрахмет, аудандық мәслихаттың депутаты, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы Тайынша аудандық филиалының директоры	11 қазан «AMANAT» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы, Тайынша қ.
5	Данил Викторович Долгалев, аудандық мәслихаттың депутаты, «Обуховский ГОК» ЖШС-нің директоры	13 қазан Драгомиров а/о әкімдігі
6	Юрий Васильевич Красногоровый, аудандық мәслихаттың депутаты, «Зелёные Луга» ЖШС-нің директоры	16 қазан Рошинск а/о әкімдігі
7	Динара Мәлікқызы Рсаева, аудандық мәслихаттың депутаты, «Алабота орта мектебі» КММ директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	18 қазан Тихоокеан а/о әкімдігі
8	Людмила Николаевна Журавлёва, аудандық мәслихаттың депутаты, «Тайынша әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ-нің директоры	20 қазан Чермошняя а/о әкімдігі
9	Сәрсенбай Мұратұлы Бекшенов, аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша ауданы мәслихатының төрағасы	24 қазан «AMANAT» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы, Тайынша қ.
10	Гүлдана Серікқызы Көпірбаева, аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша көп бейінді ауданаралық ауруханасының учаскелік терапевт дәрігері	26 қазан Донецк а/о әкімдігі
11	Николай Викторович Брайченко, аудандық мәслихаттың депутаты, «УМР ОГОК» ЖШС директорының орынбасары	27 қазан Чкалов а/о әкімдігі
12	Айгүл Бағдатқызы Әбдірахманова, аудандық мәслихаттың депутаты, «ЗИМ-Экспорт» ЖШС-нің директоры	30 қазан «AMANAT» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы, Тайынша қ.
13	Анатолий Францевич Сарницкий, аудандық мәслихаттың депутаты, «Gsk-Taynsha Astyk» ЖШС-нің директоры	31 қазан Киров а/о әкімдігі

Аудандық мәслихат депутаттарының қабылдау уақыты: 11.00-ден 13.00-ге дейін.

Мына телефондар арқылы қабылдауға алдын-ала жазылуға болады: аудандық мәслихат – 23 4 85, 23 0 72.

ОҚУ-ЖАТТЫҒУ САБАҒЫ

2023 ж. 21.09. таңертең «Тайынша КАА» ШЖҚ КМК сүзгісіне сібір жарасы ауруының айқын белгілері бар қала тұрғыны жүзінді. Осылайша, науқас аса қауіпті инфекцияны анықтаған кезде медициналық көмек көрсету және алдын алу шараларын жүргізу бойынша оқу-жаттығу сабағы басталды.

«Тайынша аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ мамандары «Тайынша КАА» ШЖҚ КМК, «Ветеринариялық станциясы» ШЖҚ КМК, «ҚР АШМ ВБ және ҚК Тайынша ААИ» ММ бірлесіп Тайынша қ. тұрғынының сібір жарасын тіркеу бойынша оқу-жаттығуын өткізді. Бұл оқу-жаттығудың мақсаты Тайынша қаласы медициналық ұйымдарының, ветеринариялық қызметтерінің, ветеринариялық инспекциясының, сібір жарасына күдікті науқастарды анықтау кезінде эпидемияға қарсы және емдеу-профилактикалық, ветеринариялық іс-шараларды жүргізуге дайындығын бағалау, науқастарды анықтау, тіркеу, емдеуге жатқызу, ошақта дезинфекциялау, байланыстарды медициналық бақылау, ауруларды анықтау бойынша мүдделі ведомстволар арасындағы өзара іс-қимыл мәселелерін пысықтау, ауру малдың саны, жағдайы, науқастардан материал алу және одан әрі зертханалық зерттеулер жасау болып табылады. Оқу-жаттығуға қатысқан барлық қызметтер хабарландыру сұлбасы мен жедел іс-шаралар жоспарына сәйкес жедел әрекет етті. Жалпы, жаттығуға қатысқан барлық қызметтердің іс-әрекеттері қанағаттанарлық деп бағаланады.

Бұл оқу-жаттығу сабағы аса қауіпті инфекциялармен ауыратын науқастарды анықтаудың нақты жағдайларына барынша дайын болу үшін мүдделі ведомстволар мамандарының өзара іс-қимылын пысықтауға мүмкіндік берді.

«Тайынша аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі.

ТІЛІМІЗДІ ҚАЙТЫП ТІРІЛТЕМІЗ

Жақсыбай САМПАТ, жазушы, журналист.


Біз қазақтар, еліміз тәуелсіздігін алып, өз туымызды тіккен уақытта неге өзіміздің ана тілімізден айрылып бара жатырмыз. Осы сұраққа жауап іздегендер көп, бірақ нақты себеп табылмай тұр.

Орыстар арамызда көп болды, мектеп орысша болды, барлық ақпарат орысша түсіп жатыр, аула-көше – бәрі орысша, ТВ мен интернеттен барлық өтімді қызықты-қылықты хабар-ошардың, кино-өнердің – бәрі орысша болды деген сияқты сылтауларымыз көп. Бірақ біздің арамызда жүрген, дәл біздікіндей тағдырды бастан кешіп отырған әзірбайжан, армян, грузин, шешен, ингуш, өзбек, түрік, тәжік сияқты халықтардың өкілдері неге ана тілін жоғалтпайды, неге бір-бірімен таза өз тілдерінде ғана сөйлеседі деген сұраққа ешкім жауап бере алмайды. Рас, бізбен бірдей сор кешіп отырғандар татар, башқұрт, беларус халықтарының өкілдері. Бұлардың тілдері де біз секілді жылдан жылға жұтылып барады. Ал Сібір халықтарының көбі ана тілінен ғана емес аты-жөнінен де айрылып, Иванов, Петров, Сидоров болып жұтылып кеткен.

Біздің сорымыз сонда, біз орысты өзімізден артық санадық. Психологиялық тұрғыдан өзімізді өзіміз әлсіретіп, баса бердік. Әрине, оған ұлыорыстық шовинистік саясат та өзінің үлесін қосып бақты. Соның кесірінен біз өзіміздің тілімізден өзіміз қорландық. Орыстың қатаң тілін айта алмағанымызды сорымыз деп қабылдадық. Здравствуйте дегенді – «здрәсти», добро пожаловать дегенді – «дәбрә пөжәлобат», «двадцатьты – батсат» деп қана айта алатымызға қорындық, қиналды, ал орыстар ондайымызды кемсітіп, надандықпен күлді. Тіліміздің табиғаты жұмсақ болғандықтан осылай сөйлейміз деп емес, мұны біздің бір кемістігіміздей көрдік. Орыстың күлгеніне одан сайын қорланып, өзімізді өзіміз жасыта бердік, бара-бара ұлттық нигилизмге ұрындық. Шын мәнінде мұнда тұрған ештеңе жоқ еді, барлық халық басқа тілді өзіне бұрып сөйлейтін.

Жалпы, орыстың тілі әлемдегі ауыр тілдердің бірі саналады. Оның «арр», «ырр» деп итше ырылдап тұрған қасаң да қатал тілін көп халықтар әлі күнге нақты сала алмай, акцентпен сөйлейді. Орыстар өздерінен тұрмыстық деңгейі артық халықтардың акцентін түсіне қабылдап, оларға күлмеді. Ал біздің акцентімізді мазақ қылды. Бұдан өсіп келе жатқан жастарымыз тіпті ұялап, өзін қор санайтын. Осы тірлікпен арада 50-60 жыл өткенде біз орыс тілін еркін меңгеріп алдық. Ұмтылған адамның алмай қоятын қамалы жоқ емес пе, ақырында орысшаңды орыстардың өзінен артық сөйлей бастадық.

Сөйтіп, бір кездегі өте ауыр, қиын, жат тіл – бізге барынша оңай болып кетті. Керісінше өзіміздің ана тіліміздің сөйлеу мәнерінен, әдемі әуезінен айрылып қалдық. Дүние есігін енді ғана ашқан сәбиден, еңкейген кәріге дейін үнемі орыс тілін естіп, орысша ойларды қабылдайтын болдық. Орыс тілі біз үшін оңай тілге айналып кетті. «Даже», «савсем», «пачти», «падажди» деген сияқты жүздеген сөздер ең таза сөйлейді деген адамдарымыз да қолданатын күнделікті сөзге айналды. Осының өзі қасірет еді. Сөйтіп, орыс тілі қанымызға да,



жанымызға да кірігіп кетті. Соның кесірінен бірдеңе айтсақ оңай тіл оңтайымызға орала кетеді. Сол тілде айтсақ әрі тез, әрі ұғымды көрініп кетті.

Ұзақ жылдар бойы бізге ешкім де, ешқашан да, ешқайда да орыстың тілі бізге жат, оны қолданбаңдар деп айтпады. Тек кейбір ерен текті адамдар ғана бала-шағасын тиятын. Қалған жұрттың бәрі баласының орысша сөйлегеніне мәз болды, оны қызықтап өзі де сөйлеп кетті... Ал қазір ана тілінде сөйлеңдер деген ата-ананың да, ұстаздың да сөзі жас адамның ұғымына жетпей қалды.

Бүгінгі таңда біз өзіміздің тілімізді көтеру үшін өтімді жарнама, «Алға, Қазақстан» сияқты брендтік сөздерді көбейту керек. Басқа ұлттың қазақша сөйлегендерін көтере беру керек. Ал, ең бастысы қазақтың өз арасында орысты «ұлы халық» деп беріш болып қалған жасанды қалыпты бұзатын психологиялық төңкеріс керек. Бұл арада, әрине, орысты қорлап, ар-намысына тимеу керек, бірақ оның қандай халық екенін мысалдармен көрсете берген жөн. Әсіресе, соңғы қылығының өзі жетіп жатыр емес пе? Өз жолымен, өз күнін көріп жатқан елге өктемзорлықпен «сен біздің жолмен жүрмедің, бізден артық өмір сүргің келді, еуропаға неге бұрыласың» деп басып-жаншып кіріп, қан-жоса қылып қырып, ХХІ ғасырда ортағасырлық ойранды салып отыр. Және мұны орыстың билігі ғана емес, «хохолдарды қыру керек» деп екіленіп, екі көзі қанталап, жыртқыш тағыға айналып кеткен 70 пайыздай халқы қостап отыр. Масқарасы да сонда. Әрине, жақсы адамдары жоқ емес, бірақ осыдан-ақ орыстың негізгі халқынан үнемі қатер күту керектігін ескеру керек. Ұлдарымыз бен қыздарымызға орыстан аулақ болуды, олармен тым жақындаспауды айғайламай-шуламай, дабырламай ерте күннен үйрете беру керек. Дана бабаларымыздың «орыстан жолдасың болса – қалтаңда қаруың болсын» дегенін жеңіл айтпай, түбіне дейін түсіндіріп, ұқтыру керек. Міне, осындай жағдайға психикамыздағы беріш те біртіндеп ериді. Тіліміз де сонда оңғарыла бастайды. Әрине, мұндайды мектепте, қоғамдық жерде ешкім ашық айта алмайды. Олай етсек, орысқа қарсы әрекет көтерілді деген айыпқа қаласың. Бұл отбасы, ошақ қасындағы нормаға айналғаны жөн. Ал ұлыңа, қызыңа өзің ұқтыра алмасаң ақылды, сөзіңе сендіре алмасаң, сендіре алатын адамның әңгімесін тыңдатыңыз. Сонда психология ептеп сынып, жасөспірімнің де, басқа жандарың да қауіпті халықтың жат тілінен тіксініп, өзінің ана-тілінің артық екеніне көзі жете бастайды деп ойлаймыз.....

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор - Бас редактор

Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 301. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй. БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ: 8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.